

Бородулиха аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 12-7-VII "

Бородулиха ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Абай облысы Бородулиха аудандық мәслихатының 2025 жылғы 21 ақпандағы № 30-2-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 28 ақпанда № 425-18 болып тіркелді

Бородулиха аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бородулиха аудандық мәслихатының "Бородулиха ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы" 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 12-7-VII (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26100 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 2-тармағы жана редакцияда жазылсын:

"2. Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) "Абай облысы Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен мүгедектігі бар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтamasы негізінде жүргізіледі.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасының 7-тармағы жана редакцияда жазылсын:

"7. Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері оқу жылы ішінде мүгедектігі бар әрбір балаға ай сайын он айлық есептік көрсеткішке тең.".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бородулиха аудандық мәслихат төрағасы

C. Урашева